



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігіміз



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Дала күні – 2025



Ел жаңалықтары

Солтүстікте күзгі науқан қызу жүруде

Еліміздің Солтүстігінде де егіс алқаптарында орақ науқаны қызу жүріп жатыр. Кейінгі аптадағы жауын-шашын қолбайлау болғанымен, алдындағы күндер диқандар үшін қолайлы болды. Биыл Солтүстік Қазақстанда 4,3 млн гектар жерге егін егілген. 3 млн гектар негізгі дәнді дақылдарға арналса, 979 мың гектар жерге майлы дақылдар егілді. 392 мың гектарға жем-шөп, 9 мың гектарға картоп, 1,4 мың гектарға көкөніс егілген.



Солтүстік Қазақстанда ылғалдың молдығы дақылдардың бітік шығуына және жоғары өнім алуға сеп болуда. Бүгінде астық алаңдарының 486 мың гектары жиналып, 800 мың тоннадай астық бастырылған. Әзірге әр гектардан 14,5 центнерден өнім алынууда. Ал бұршақ тұқымдастарды (бұршақ пен жасымық) жинау 70 пайызға жетті. Қазірдің өзінде 350 мың тоннадай астық қамбаға құйылған.

Осы жасымық дақылдына алыс шет елдерден де сұраныс бар көрінеді. Қазірдің өзінде М.Жұмабаев ауданындағы «СК Агро» ЖШС егіс алқаптарынан жасымықты Түркиядан келген фуралар тиіп кетіп жатқан көрінеді. Жасымық өсірген басқа шаруашылықтардың да биылғы шығымы жоғары. Мысалы, «Шатило и К» шаруашылығы гектарынан 18 центнерден алса, «Кантемир Агро» мен «Рустикус» ЖШС 20 центнерден өнім алуда.

Бүгінге дейін бұршақтөктес тұқым өнімдерінің алыс шет елдерге экспортталуы 90 мың тоннаға жеткен. Соның ішінде бұршағы – 35 мың, жасымығы – 55 мың тонна. Жасымықты 1 гектарға егу шығыны астықтың 1 гектарға өсірілетін шығынымен бірдей. Алайда жасымықтың нарықтағы бағасы бидайдан 2 есе артық. Сондықтан диқандар оның табыстылығына қызығады.

Үкімет тарапынан жасалған жеңілдетілген несиенің арқасында көктемгі егіске дейін астық алқаптарына 340 мың тонна минералды тыңайтқыш жеткізілді. Ауыл шаруашылығы министрлігі орақ науқанына қажетті 58,2 мың тонна дизель отынды жеңілдетілген 254 теңгеммен босатты. Осы жылы шаруалар 38,3 млрд теңгеге 1 395 жаңа техника сатып алды. Биылғы күзгі науқанға Солтүстік Қазақстанда 7 мың комбайн шықса, соның 4 мыңы – жоғары сапалы.

«ЖОК» ақпарат

«Ер-Әлі» егінге орақ салды

Бейсенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовтің қатысуымен Темірбек Жүргенов ауылында «Дала күні – 2025» күрішке алғашқы орақ салу рәсімі өтті. Оған департамент, басқарма, инспекция басшылары, аудан әкімдері, облыстың зиялы қауымы мен шаруа қожалықтардың жетекшілері қатысты.

Облыс әкімі еңбеккерлерді егінге орақ түсуімен құттықтап, атқарылған жұмыстарды атап өтті.

– Бұл – диқандардың еккен бір дәні мың дән болатын халықтың ризық-несібесін қамбасына құятын жауапты да салтанатты шағы. Биыл облыс бойынша 189 600 гектарға егін егіліп, оның ішінде күріш көлемі 80 900 гектар болды. Соңғы жылдардағы су тапшылығының кері әсерін Сыр диқандары қатты сезініп келеді. Осы жылы вегетациялық кезең өте күрделі жағдайда өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы мен Үкімет басшысы Олжас Абайұлының, Үкімет мүшелерінің бастамасымен Сырдария өзенінің жоғарғы ағысындағы мемлекеттермен дер кезінде келіссөздер жүргізіп, үлкен қолдау жасалды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Үкімет резервінен 53 жылжымалы-дизельді насос алуға 1 млрд теңге бөлініп, шаруалар игілігіне пайдаланды. Төтенше жағдайлар министрлігі еліміздің барлық өңірінен 139 қыз-

меткерден құралған жеке құрамды, 25 дизельді қондырғыны көмекке жеткізіп, екі ай бойы су тапшылығы қалыптасқан аумақтарда уақытпен санаспай жұмыс атқарды. Аймағымызда арнайы жұмыс топтары құрылып, суды тиімді пайдалану мақсатында егістікті кезектесіп суару мен қашыртқыдағы суды екінші рет пайдалануды жолға қойдық. Осындай қиындықтарға қарамастан, күріш көлемін барынша шығынсыз сақтауға қол жеткіздік. Дер кезінде қабылданған батыл шешімдер мен жүргізілген келіссөздердің арқасында егіс алқаптары сумен қамтамасыз етілді. Осы сәтте Президентімізге, Үкімет басшысына, құрметті Нұржан Молдиярұлы, сізге және сіз басқаратын ұжымға, Ауыл шаруашылығы, Төтенше жағдайлар министрліктеріне көрсетілген барлық қолдау үшін Сыр жұртының атынан зор алғысымызды, шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Құрметті екінші қауым, баршаңымыз еңбектеріңізге сәттілік тілеймін! Алдағы «Алтын дән» мерекесінде зор табыс-

тармен кездесейік, – деді Н.Нәлібаев.

Мерекелік шарада Нұржан Нұржігітов диқандарды құттықтап, вегетациялық кезеңдегі күрделі жағдайға қарамастан жақсы жетістікке жеткеніне ризашылығын білдірді. Қызылорда облысының құрметті азаматы Бекмырза Еламанов бата берді.

Басқосуда ала жаздай маңдайы күнге, табаны құмға күйген мәртебелі еңбек адамдары марапат төрінен көрінді. Атап айтсақ, бірқатар азаматқа Премьер-министрдің алғыс хаты, Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісі, «Құрмет» грамотасы, министрдің алғыс хаты, Су шаруашылығы және ирригация министрлігінің «Су шаруашылығы саласының ардагері» төсбелгісі, «Құрмет» грамотасы табысталды. Сонымен қатар салтанатты шарада Қызылорда облысының «Құрмет» грамотасымен және облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталғандар да құрметке бөленді.

Жиында ауыл шаруашылығы техникаларының көрмесі ұйымдастырылып, ауылдың тыныс-тіршілігін бейнелейтін қойылымдар көрсетілді.

Айта кетейік, Сырдария өзеніндегі су деңгейінің төмендеуіне байланысты Сыр өңірінің егін шаруашылығында әртараптандыру жұмыстары жанданып, су үнемдеу технологиялары кеңінен енгізілуде. Расында биыл вегетациялық кезең күрделі жағдайда өтті. Бірақ дәл

осы қиындықты еңсеру мақсатында жауапты министрлік тарапынан нақты жобалар қолға алынды, сондай-ақ ол өз жемісін берді десек, артық айтқанымыз болмас. «Шардара» су қоймасынан сәуір айына дейін Сырдария өзенінен Аралға дейін 7 млрд текше метр су жіберілген. Бұл теңіз деңгейін көтеруге мүмкіндік берген. Сондай-ақ басқа көлдер жүйесін толтыруға жол ашылды.

Биыл аяқсу жеткізуде табанды еңбек етіп жатқан мекеме ұжымдары да үлкен қолдауға ие болды. Бірқатар мекемеге қажетті қаншама техника табысталды. Соның арқасында аймақтағы гидро-техникалық құрылыстар жүйелі жүріп, ирригация жүйелерінде ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Нұржан Нұржігітов Су инспекциясында жұмысшылар саны көбейгенін айтты. Сонымен қатар материалдық-техникалық базасы нығайтылған. Шынында, мұның бәрі жергілікті шаруашылықтардың маусымында судан тапшылық көрмеуіне жасалған қолдау деп түсінген абзал.

Вегетациялық кезеңге келсек, Қазақстан бойынша 25 млрд текше метр су пайдаланылса, соның 15 млрд текше метрі ауыл шаруашылығына бағытталды. Оның 12 млрд текше метрі еліміздің оңтүстік өңірлеріне бағытталды. Оның ішінде биыл Қызылорда облысына 3,5 млрд текше метр су берілген.

Жалаасы 2-бетте

Еңбек адамы

Комбайншы Қайыржан

АҚҚҰМДАҒЫ ЕГІС АЛҚАБЫНДАМЫЗ, БІТІК ШЫҚҚАН ӨНІМГЕ ОРАҚ ТҮСКЕН. АТЫЗДЫҢ АРҒЫ БАСЫНАН ҚОС КОМБАЙН КҮРІШ ОРЫП КЕЛЕДІ. БИЫЛҒЫ АЯҚСУ ТАПШЫЛЫҒЫ ДИҚАНДАР ЖАУАПҚОРШІЛІГІН АРТТЫРҒАНДАЙ. ОҒАН АЛҚАПТАҒЫ ӨНІМНІҢ ШЫҒЫМЫНАН КӨЗ ЖЕТКІЗУГЕ БОЛАДЫ.

Атыздың бергі басына жеткен қос техниканың бірін тоқтатып алдық. Көлік тізгінінде – Қайыржан Сәрсенов ағамыз. Ол 2 мыңыншы жылдан бері механизатор болып еңбек етіп келеді. Бастапқыда бұрынғы Кеңестің «Енисей» комбайнын айдаған ағамыздың астында қазір заманауи техника.

Сөзінше, еңбек өнімділігі жағынан болсын, жалпы дала жұмысында қолайлы еңбек етуде де «MacDon» бәрінен басып озады. Оның үстіне соңғы жылдары «Аққұм-Жер» шаруа қожалығы техникалық базасын жаңалауға басымдық берген. Биылғы маусымда да бірнеше көлігін жаңартқан шаруашылық төрағасы Рүстем Сәрсенбаев алдағы жылы да бірнеше техника алатындарын айтады.

Қайыржан ағамыз былтыр табысты еңбек етіпті. Бір өзі астындағы озық техникасымен 500 гектар күріш өрған. Әлбетте мұндай дала жұмысында белсенді еңбектің өлеуі заңдылық. Шаруашылық төрағасы өткен жылғы сабантойда майталман механизаторға жалақысынан бөлек қаржылай сыйақы үлестірген. Сөзінше, бұл шаруашылықтың дәстүрге айналған жұмысы екен.

– Өздеріңіз білмейтін шығарсыздар, бірақ әкелеріңіз жақсы білетін болуы керек, бұрын ауыл шаруашылығында жұмыс істеу оңай болмайтын. Техникалардың бірін іске қоссаң, енді

бірі құлап жатады. Тіпті бір күнде әрі көтсе 2-3 атызды кешке дейін оратынбыз. Ал қазір ше, бүгінде барлық жағдай жасалған. Осы комбайнды мінгеніме 5 жыл болды. Шүкір, әлі сыр берген жоқ, уақытылы май-суын ауыстырып тұрсаң бұзылмайды. Соның арқасында қазір шаруашылықта еңбек өнімділігі айтарлықтай артты. Оның үстіне шаруашылық жыл сайын техникалық базаны жаңартып келеді. Егіс басында қазір еш кедергісіз еңбек етуге барлық жағдай жасалған. Сондықтан жастар салаға қорықпай қадам басыу керек. Біз де қазір орта жасқа келдік. Енді біздің ізімізді жастар басыу керек. Ендігі міндет – зейнет жасына дейін соларға көрген-білгенімізді үйрету, – дейді майталман механизатор.

Әзірге Қайыржан ағамыз шаруашылықтың дала жұмысында дара келе жатыр. Әр жылдың үздік комбайншысы да осы Қайыржан ағамыз екен. Бірақ ол жасаған жұмысымен мақтанатын адамның сұрпынан емес. Керісінше келешекке бас қатырады. Қазіргі жастардан өзіндей білікті маман қалыптастырып, шаруашылықтың шаруасы қай кезеңде де ширағанын қалайды. «Мамандыққа адалдық» деген осы шығар, сіре.

Қазір астындағы техникамен жұмыс істеу Қайыржан ағамызға қиын емес. Бірақ бастапқыда да айтарлықтай мәселе болмапты.



Өйткені бұған дейін өзі «MacDon» комбайнын тізгіндеген механизаторға бір маусым көмекші болған. Қазір заманауи техниканың рөлінде өзі отыр.

Еңбек адамы қыркүек басталысымен күрішке орақ салғанын айтады. Бұйыртыса, осы айдың соңына дейін шаруашылық күзгі науқанды қорытындылайтынын жасырмады. Тіпті ауа райы қарасса, одан ерте аяқтауға да мүмкіндік бар екен.

Оған шаруашылық төрағасы Рүстем Сәрсенбаев бар жағдайды жасап отыр.

Жалпы Аққұмдағы Сәрсеновтер әулетін «еңбеккерлер отбасы» десе де болады. Мәселен, Қайыржан ағамыздың інісі осы шаруашылықта механизатор болып бірнеше жылдан бері еңбек етіп келеді. Ал ағасы осында бригадир болып жұмыс жасайды.

Еңбек адамының сөзінше, механизаторға жылдың қай мезгілінде де тыным жоқ. Сөзінің жаны бар, көктемде жерді егіске дайындаса, жазда жоңышқаға орақ салады. Бірінші орым біткенде, әкегісің тағы бар. Осындай қайнаған жұмыстың қай-қайсысында да Қайыржан ағамыздың өзі де, техникасы да сыр алдырған емес.

К.БАЛФАБАЙҰЛЫ

2 ҚОҒАМ

«Ер-Әлі» егінге орақ салды



Биыл күн ерте ысыды, тіпті қыстан кейін бірден жаз басталып кетті десек, артық айтқандық болмас. Оның үстіне қыста қар да аз түскен. Ал жазда айтарлықтай жауын да бола қоймады. Осының бәрі су тапшылығына әсер етпей қоймасы анық.

Мұның бәрі елдегі су жүйесіне үлкен өзгеріс әкелетіні анық. Мәселен, Биыл «Шардара» су қоймасының да жұмыс тәртібі өзгертілді. Мәселен, осыған дейін болмаған қоймадағы су деңгейі түсті. Мұның бәріне табиғи өзгерістер сеп болғанын айтпаса да түсінікті.

Сырдария – трнасшекаралық өзен, оның суына Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан да тәуелді. Саға басындағы мемлекеттермен жүргізілген нәтижелі келіссөздер арқасында біздің ел аумағына жоспарлы су көлемі жіберілді. Оның басым бөлігі ауыл шаруашылығына бағытталды.

Су тапшылығының қайтсек алдын алуға болады? Бірінші кезекте жердің тегістігіне басымдық беру керек. Бұл тек су тапшылығының алдын алып қана қоймай, өнім көлемі мен сапасына да айтарлық оң әсер етеді. Екіншіден, егінді әртараптандыру да аса маңызға ие, яғни суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық берген абзал. Ал ротация тәртібін сақтау – басты міндет. Жалағаштағы «Ер-Әлі» шаруа қожалығы бұл талаптарды қатаң сақтайды.

Биыл енгізілген ауқымды өзгерістердің бірі – сәуір айынан бастап Ауыл шаруашылығы министрлігінен су үнемдейтін технологияларды енгізу, оны субсидиялау. Енді тамшылатып суару әдісімен егін еккен шаруашылықтарға субсидия беріледі. Осыған байланысты былтыр Ауыл шаруашылығы мен Су ресурстары және ирригация министрлігі бірлесіп, субсидия көлемін 50 пайыздан 80 пайызға көтерген.

Тағы бір ерекшелік, суармалы суды пайдаланушы шаруашылықтардың субсидия төлеу тәртібіне өзгеріс енгізілген. Егер шаруашылықтар су үнемдейтін жүйелерді енгізетін болса, оларға 2028 жылға дейін субсидия көлемі 85 пайызға дейін көтеріледі. Ал шаруашылықтар оны енгізбей, яғни бұрынғы дәстүрлі

суару жүйесін қолданса, субсидия көлемі 2028 жылға дейін 30 пайызға төмендейді. Мұның бәрі суды үнемдеуге көшу мақсатында жасалып жатқан жобалар екені айтпаса да түсінікті.

Нұржан Нұржігітов Биыл субсидия көлемін ұлғайту үшін министрлік бірқатар жобаны қолға алғанын айтады. Мәселен, 3 жылға ел қазынасынан бөлінетін трансферт ел бойынша 214 млрд теңгеге дейін жеткен. Оның ішінде 3 жылдықта 35 млрд теңгесі Қызылорда облысына тиесілі. Алдыңғы 3 жылдықпен салыстырсақ, қаражат көлемі 10 есеге артқан.

– Суды үнемдеуіміз керек, бұл мақсатта Қызылорда облысында жақсы нәтиже бар. Бүгінде 75 мың гектарға шаруашылықтар су үнемдейтін технологиялар пайдалануда. Оның ішінде 5 мың гектар жаңбырлатып суару, 10 мың гектар тамшылатып суару әдісімен, ал 60 мың гектар жерді лазерлік тегістейсідер. Бұл жұмыстар ел бойынша тек Қызылорда облысында кең көлемде жүргізіліп жатыр. Шаруашылықтар 100 пайыз межелі жерге күріш ексе, соның барлығында біз лазерлік тегістеуді жүзеге асыруымыз керек. Одан су үнемдеуге болатынына көзіміз жетті. Өткен жылдың өзінде 55 мың гектардан 200 млн текше метр су үнемделді. Биыл да осындай көрсеткішке біз қол жеткізіп отырмыз. Бірінші кезекте егін егуді дұрыс жоспарлауымыз керек, екіншіден, суды ұтымды пайдалануға көшкен абзал. Су үнемдейтін технологияларды біз міндетті түрде пайдалануымыз керек. Үкімет тарапынан оған қаншама қаражат бөлінуде. Бүгінгі мереке құтты болсын. Бұл – үлкен нәтиже. Қамбаларыңыз астыққа толсын, ел ырысы арта берсін, – деді Нұржан Нұржігітов.

Су шығынын оңтайландыруға және ауыл шаруашылығы алқаптары біркелкі суаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін кезектестіру және түнгі суару жүйесі енгізілген. Су ресурстарын үнемдеуге және экожүйеге антропогендік жүктемені азайтуға ықпал ететін коллекторлық-дренажды суды қайта пайдалану белсенді қолданылады. Тік дренаж және сорғы қондырғылары қосылған

бұл жерасты суларының деңгейін тұрақтандырды қамтамасыз етеді әрі суармалы жерлерде мелиорациялық іс-шаралардың тиімділігін арттырады. Сондықтан сала министрінің суды үнемдеуге қатысты айтқан жобалары жемісті боларына күмән жоқ. Тек мұны жергілікті шаруашылықтардың барлығы қаперге алуы тиіс.

Дәл осындай тәсіл Жалағаш ауданында да қолға алынған. «Ер-Әлі» шаруа қожалығының төрағасы Әліби Бекжанов егін егуде суды үнемді әрі тиімді пайдалануда. Тарқатып айтсақ, ол осыған дейін қашыртқы суды қайта пайдалану арқылы тағы бір ауылдың бос жатқан жерін іске қосқан болатын. Жалпы аталған шаурашылық суды үнемдеуде тиімді жобаларды қолға алып, саланы әр жылы табысты қорытындылап келеді. Биыл да күріштің күтіміне айтарлықтай басымдық бергені көрініп тұр.

Айта кетейік, Биыл Жалағаш ауданы бойынша 36 742 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның ішінде негізгі дақыл күріш көлемі – 19 357 гектар. Мұнан бөлек 800 гектар жаздық бидай, 50 гектар арпа, 600 гектар мақсары, 200 гектар қант құмайы, 65 гектар соя, 5 гектар сұлы, 4850 гектар жоңақ жоңышқа егіліп, 8150 гектар ескі жонышқа күтімге алынған. Сондай-ақ 250 гектар картоп, 1115 гектар көкөніс және 1300 гектар басқа да бақша дақылдары бар.

Егілген 19 357 гектар күріштің 18 896 гектары «Жалағашсушар» өндірістік уәсқесімен (193 шаруашылық) су жеткізіп беру қызметіне келісім-шартқа отырған. 461 гектар (4 шаруашылық) күріш қашыртқы суын қайта пайдалану арқылы насос қондырғыларымен суландырылды.

Биыл «Кең Дала – 2» бағдарламасы аясында егін орналастыру және күтіп-балдау жұмыстарына аудандағы 12 шаруашылық 1 млрд 574 млн теңге несие алып, нәтижелі жұмыс жасады. Жергілікті шаруашылықтар тарапынан Биыл 691,7 млн теңгеге 18 ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды. Егін жинау жұмыстарына ауыл шаруашылығы техникалары толық дайын. Аудан бойын-

ша 998 ауыл шаруашылығы техникасы егін жинау жұмыстарына қатысады деп жоспарлануда. Оның ішінде 128 комбайн, 498 трактор, 124 жатпа, 73 жүк көлігі, 175 трактор тіркемесі бар.

Биыл орын алған су тапшылығына байланысты егінді сумен қамтамасыз етуде қиындықтар туындап, аудандағы шаруашылық құрылымдар 45 насос қондырғысын пайдалану арқылы егінді сумен қамтамасыз етті. Оның төртеуі төтенше жағдайға байланысты басқа өңірлерден жеткізілді. Орын алған су тапшылығына байланысты ауданда егінді сумен қамтамасыз ету мақсатында аудан әкімінің 2025 жылғы 3 маусымдағы №235 өкімімен арнайы штаб құрылып, жұмысшы топ аудандағы шаруашылық құрылымдарымен кездесіп, суды кезекпен алу туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Аудандағы инженерлік тұрғыда әзірленген суармалы жерде дақылдардың орналасу тәртібіне тұрақты түрде бақылау жұмыстары жүргізіліп келеді. Нәтижесінде ауыспалы егіс тәртібін бұзып, 1228 гектар күріш дақылын артық еккен 23 құрылым анықталып, Қызылорда облысының жер ресурстарын басқару департаментіне ұсынылды. Сонымен қатар Мақпалкөл ауылдық округіндегі «Құрманбай Ата» ШҚ 12 гектар жерге тамшылатып суару әдісімен картоп, бақша дақылдарын екті. Таң ауылдық округіндегі «Бірлік» ШҚ да 10 гектар жерге бақша дақылдарын еккен.

Шаруашылықтар тарапынан күзгі егін жинау жұмыстарына «ГосАгро» сайты арқылы 1488,2 тонна жеңілдетілген дизель жанармайына өтінім берілген. Бүгінге дейін шаруашылық құрылымдарынан дизель жеткізіп беруге қатысты мәселелер болған жоқ.

Қазіргі таңда аудандағы 19 357 гектар күріштің 200 гектары орылып, 40 гектары жиналды. Әр гектардан 50 центнерден, барлығы 2 мың центнер өнім алынды. Егін жинау жұмыстарын 10 қазанға дейін толық аяқтау жоспарлануда.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Басы 1-бетте

Мерей

Аудан әкімі Ардақ Ибраймовтың төрағалығымен актив отырысы өтті. Жиында Ардақ Әбдіпаппарұлы аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі басшысы қызметін абыроймен атқарып келген Еркен Жантуғановты жаңа қызметімен құттықтап, аудандағы нәтижелі еңбегі үшін алғыс білдірді.

Жаңа қызметіне сәттілік тіледі

– Еркен Ертуғанұлы, өзіңізге жүктелген міндеттерді жоғары жауапкершілікпен атқарып, ауданымыздың спорт саласын ілгерілетуге айрықша үлес қостыңыз. Ауданда дене тәрбиесі, спорт және туризм саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз етіп, спорттық қозғалысты, салауатты өмір салты қағидаттарын насихаттау және халықтың әртүрлі топтары арасында осы салаларды дамыту бойынша жұмыстарды жүйелі ұйымдастырдыңыз. Тұрғындар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мен бұқаралық спортты дамыту бағытында аянбай еңбек еттіңіз. Атқарған жемісті жұмысыңызға ризашылық білдіре отырып, жаңа қызметіңізге сәттілік тілеймін, – деді аудан әкімі.

Жиында аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов те Е.Жантуғановты жаңа қызметімен құттықтап, аудан спортында серпін қалыптастырудағы еселі еңбегіне ерекше тоқталды.

Айта кетейік, аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі басшысы қызметін абыроймен атқарған Жантуғанов Еркен Ертуғанұлы Қызылорда қалалық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы лауазымына тағайындалды. Ол аудан спортының дамуына елеулі үлес қосты. Биыл аудан спортшылары әлемдік, Азия чемпионаттары мен облыстық жарыстарда түрлі деңгейдегі 160 медаль жеңіп алып, жоғары жетістіктерге қол жеткізді. Ауданда халықаралық дәрежедегі спорт шебері – 1, I разрядты спортшы – 10, спорт шеберіне үміткерлер – 9.

Биыл «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында аудан орталығында дене шынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілді. «Қазақстан халқына» қоры арқылы Аққыр елді мекенінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталып, ел игілігіне берілді. Сонымен қатар Қазақстан Футбол федерациясымен әріптестік байланыс орнатылып, екіжақты меморандумға қол қойылды. Осы ретте «ALAN» жобасы аясында орталық стадионның жасанды жасыл алаңы қайта жаңғыртылуда.

Бұдан бөлек облыс әкімінің жұлдесіне арналған мемлекеттік қызметшілер арасындағы облыстық спартакиадада аудан құрамасы жеңімпаз атанды. Сондай-ақ ауыл спортшыларының «Алтын күз – 2025» облыстық сайысында аудан командасы жалпы есепте II орын иеленді. Нәтижесінде ауданның бірқатар спортшысы Қызылорда облысының құрамасына алынып, республикалық жарыстарға қатысуға мүмкіндік алды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Біле жүріңіз

Мектепте өрт қауіпсіздігін сақтайық



Мектеп – балалар көп уақытын өткізетін, білім алып, тәрбиеленетін орын. Мұнда оқушылардың қауіпсіздігі ерқашан бірінші орында болуы тиіс. Өрт – ойланбай істелген әрекеттен немесе қауіпсіздік ережелерін сақтамаудан туындайтын ең қауіпті жағдайлардың бірі. Сондықтан мектептегі әр бала, мұғалім және қызметкер өрт қауіпсіздігі ережелерін жақсы білуі қажет.

Өрт қауіпсіздігі маңызды

Өрт шыққан жағдайда ең алдымен балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнеді. Мектеп ғимаратында адамдар көп болғандықтан қысқа уақыт ішінде эвакуациялау қиына соғуы мүмкін. Сол себепті алдын ала сақтық шараларын білу және орындау үлкен апаттың алдын алады.

Мектептегі негізгі қауіпсіздік ережелеріне келсек, электр құралдарын бақылаған дұрыс. Тоқ кездеріне қол тигізуге болмайды. Құрылғыларды (пеш, үтік, жылытқыш, т.б.) тек мұғалімдер ғана қолданады. Қолданып болған соң барлық құрылғы өшірілуі тиіс.

Жылыту және газ жүйелеріне келсек, пеш, газ плитасы сияқты құралдарға оқушылардың жақындауына болмайды. Жылыту құралдарының үстіне қағаз, киім немесе басқа жанғыш заттар қою қауіпті.

Мектепке сіріңке, оттық, фейерверк, пиротехника әкелуге қатаң тыйым салынады. Лаборатория сабақтарында отты тек мұғалімнің бақылауымен ғана қолдануға болады.

Әр қабатта өрт сөндіргіш бар. Оның қайда тұрғанын біліп жүру керек. Өрт сөндіру құралдарын босқа пайдаланбау қажет. Дәліздер мен баспадақтар бос болуы тиіс. Шығу есіктерін ешқашан жабуға болмайды. Әр сыныпта эвакуация жоспары ілінген, оны алдын ала жаттап алған дұрыс.

Өрт болғанда қалай әрекет ету керек?

Өрт болған жағдайда сабыр сақтау керек, дүрбелең туғызбаған дұрыс. Дереве мұғалімге немесе кезекші қызметкерге хабарлау қажет. Өрт дабылы қосылған кезде мұғалімнің нұсқауымен ғимараттан рет-ретімен шығу маңызды. Лифтке мінбеңіз, тек баспадақ арқылы шығу керек. Қауіпсіз жерге жиналып, сынып жетекшісіне түгелдікті хабарлау маңызды.

Мұғалімдер балаларға өрт қауіпсіздігі туралы үнемі түсіндіріп отыруы тиіс. Сабақтан тыс уақытта эвакуациялау жаттығуларын өткізу өте маңызды. Ата-аналар да үйде балаларға қауіпсіздік ережелерін үйретіп, от пен электр құралдарының қауіптілігін ескертуі қажет.

Мектептегі өрт қауіпсіздігі – барлығымызға ортақ міндет. Балалар осы ережелерді жақсы білсе, ал мұғалімдер оларды қадағалап отырса, көз келген төтенше жағдайдың алдын алуға болады. Қарапайым ережелерді сақтай отырып, біз өзімізді де, достарымызды да қорғап, мектептегі тыныш әрі қауіпсіз ортаны қамтамасыз ете аламыз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Кеңес

Атқарылған жұмыстар пысықталды

Аудандық қоғамдық кеңес отырысында «Жалағаш ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі №7-2 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» шешім жобасы қаралды. Сондай-ақ Жалағаш кентінде көркейту-көгалдандыру, санитарлық тазалық жұмыстарының барысы туралы кент әкімінің есебіне қатысты осыған дейінгі қоғамдық кеңес отырысында айтылған ұсыныстардың орындалу барысы пысықталды.

Қоғамдық кеңес төрағасы Қ.Құлмахан модераторлық жасаған жиында күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша хабарлама жасаған аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Қанат Бөлембаев Тәуелсіздік күніне орай Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарға республика бойынша бірыңғай мөлшерде 60 айлық есептік көрсеткіш көлемінде әлеуметтік көмек төленуі белгіленіп отырғанын айтты. Бұрынғы шешім бойынша бұл санаттағы адамдарға белгіленген әлеуметтік көмек мөлшері 40 АЕК көлемінде болған. Қоғамдық кеңес мүшелері шешім жобасына бірауыздан келісім берді.



Екінші мәселеге байланысты кент әкімі Мардан Жамалатов Жалағаш кентінде жүргізіліп жатқан көркейту-көгалдандыру және санитарлық тазалық жұмыстары туралы баяндады. Кентте түрлі тазалық акциялары, түрлі марафондар, апта сайын сенбіліктер ұйымдастырылуда. Мұндай шараларға 55 бағыт бойынша мекемелердің еңбек ұжымы, тұрғындар, ақылы қоғамдық жұмысқа қатысушы азаматтар мен кәсіпкерлер тартылууда.

Жалағаш кентінің Қызылорда қаласынан кіреберісіне жасыл белдеу аумағына, «Астана» саябағына және «Тағзым» аллеясына, елді мекен көшелерінің бойына және саябақтарға 3700 көшет отырғызылды. Ұлы Отан соғы-

сынан оралмаған «Боздақтар» ескерткішінің алдына гүлзар егілді. Орталық алаңға газон төселіп, автоматты суару қондырғысы орнатылған.

Мұнан бөлек көше бойындағы көп-жылдық ағаштарды кесу және бірлеу жұмыстары атқарылды. Көркейту-көгалдандыру жұмыстары барысында 6 тонна өк сатып алынып, барлығы 4600-ден астам ағаш талын ақтау жұмыстары жүргізілді.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды тастауға арналған контейнерлер көпқабатты тұрғын үйлерге қойылып, жалпы кент бойынша 6 айда 4 915 тонна қатты тұрмыстық қалдық шығарылған.

Аудан орталығы аяқсуды 3 канал (Поселкелік, Елтай, Әйтек) арқылы

Ерлан АНУАРҰЛЫ

Таным

Смағұл Садуақасұлы: Ауылды дамыту тұжырымы

Биыл өмірі мен қайраткерлігі айрықша Алаш тұлғасы, 33 жылдық ғұмырында ұлт мүддесі үшін аянбай еңбек еткен біртуар азамат Смағұл Садуақасұлының туғанына – 125 жыл. Осыған орай елордада бірлесіп өткізген ғылыми конференциямызға Президентіміз арнайы құттықтау жолдап, тұғырлы тұлға есімі мен мұрасы ешқашан ұмытылмайтынын айтқаны бәрімізді жігерлендірді.

Отандық кооперация қозғалысының басында тұрған экономист, ауыл шаруасы мен мәдениетін қатар дамытуды көтерген Смағұл Садуақасұлы мұрасы біздің «Ауыл» партиямыздың басымдықтарын тарихпен салыстыра сараптауға, ілгерілетуге ықпал етеді.

Қайраткердің қазақ елінің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін ой-тұжырымдары, әсіресе кооперацияға қатысты ұстанымы бүгін де көкейкесті. Сондықтан аграрлық сала мамандары С.Садуақасұлы көптомдығын қайта оқуы, тоқуы керек.

Кооперация – Смағұлдың аса жетік меңгерген саласы. Ол ауыл шаруашылығын дамыту мен ұжымдық еңбекті ұйымдастыруда кооперацияның маңызын терең түсініп, осы бағытта теориялық және практикалық тұрғыдан құнын жоймайтын еңбектер жазды. Кооперацияның қазақ ауылындағы маңызын, оны ұйымдастыру жолдарын және кооперативтердің шаруаларға тигізетін пайдасын жан-жақты талдады. Кооперацияны ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың тиімді жолы ретінде қарастырды. Кооперация арқылы ұсақ шаруашылықтарды біріктіріп, өндірісті шоғырландыруға, еңбек өнімділігін арттыруға және ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартуға болатынын дәлелдеп, ауыл экономикасын жаңғыртудың, ауылды өркентетудің тиімді жолы деп білді.


Ол кооперацияның мән-мағынасын түсіндіре келе, оның түрлері мен салаларын талдап, өлемдік тәжірибелерге сүйеніп, қазақ тұрмысына бейімделген үлгілерін ұсынды. Қайраткердің пайымынша, кооперация – тек экономикалық құрал емес, сонымен қатар әлеуметтік әділет пен ұлттық тұтастықты нығайтудың жолы. Қазақ шаруалары кооперация арқылы өзара ынтымақтасып, сыртқы саудагерлерге тәуелділіктен арылып, өз өнімдерін тиімді басқаруға қол жеткізе алады. Кооперация – ауылдағы ұсақ шаруашылықты біріктіріп, нарыққа бейімдеудің жолы ғана емес, өнеркәсіпке алып баратын баспалдақ. Қазақ қоғамы кооперативтік құрылым арқылы ұжымдық еңбекке үйреніп, өндіріс мәдениетін меңгерейді. Бұл – өнеркәсіптік қоғамға өтудің табиғи жолы.

Смағұл кооперативтік қозғалыс арқылы шикізат пен өнімді өңдеу жүйесін құруды, жергілікті өндірісті дамытуды, техникалық білім мен маман даярлауды қолға алу қажет екенін айтты. Бұл ұстанымдар, шын мәнінде, сыртқы тәуелділіктен арылып, ішкі ресурстарды тиімді пайдаланудың жөні, ұлттық өнеркәсіптің, ұлттық экономиканың алғашқы іргетасын қалайтын қағидалар еді.

Қайраткер-ағартушы кооперативтің тиімділігін, еңбектің қажырмен емес, қолдаумен, біліммен, әдіспен, ресурспен ғана нәтиже беретінін «Кедейдің еңбек етпейтін себебі: еңбегінің жанбай-тынына көзі жетеді. Біреуден тұқым сұрап алу керек, біреуден ат сурайды, біреуден ақша сурайды. Олар өсіміз бермейді. Ақырында еңбектеніп салған егін өнімінің көбін бергендерге өсіме төлейді. Сөйтіп өмірінде шаруасы құрал-майды. Ақырында шаруа: «Бір теңге тепкілесен де кетпейді, мың теңге қайтсе де бітпейді» дегенге түседі. Ол ой еріншектікке салындырады. Ұйқыға айналады. Сөйтіп, кедей еңбектен шығады» деп дәлелмен түсіндіреді.

Ал кооперативтердің дамымау себебі «Қазақтардың бүгінгі бірігуінің кемшілігі: ыңғайлы, елті жігіттер елден көп пайда түсіріп алуда. Олар келеді де: «Біз кооперация ашамыз» дейді. Кооперацияның мүшелері төлейтін пай ақшаны сол жерге өз жанынан салады. Сөйтесі де ол көп нәрсе алады. Бірақ «Бірліктен» (ұйым аты – С.Е.) алған нәресен елге апарып, кооперацияға салудың орнына, саудагерше жұмсайды. Әрине, пайдасын бір өзі көреді» деп ашып көрсетеді.

Жоғарыдағы екі жағдай, Смағұл Садуақасұлының еңбегінің жазылғанына ғасырға жуық уақыт өтсе де, қазақ ауылдарында әлі жалғасып келеді. Ащы да болса ақиқаты осы. Бүгін де қанша тырбанса да шаруасы шатқаяқтап, қарызға белшесінен батқан, сергелдеңге түскен шаруа көп. Бұдан бөлек жалған тұтыну кооперативтерін құрып, егіншілік пен мал шаруашылығына деп ауыл шаруашылығын қолдайтын қаржы институттарынан қаражат алып, оны саудаға салып жүргендер де жоқ емес. Кезінде Смағұл Садуақасұлы: «Қазақ ішінде кооперацияны іргелі қызмет көріп, бұл жұмысқа белсеніп кірісіп жүрген кісі



аз. Біздің бұл уақытқа дейін жасап келген кооперациямыз тиіп-кетті қылып істей салған ермек. Сондықтан кооперация қазақ ішінде жөнді болмай отыр» деп ой түйіндеген екен.

Қайраткер-ғалымның осы айтқандарын оқып отырып, арада жүз жыл өтсе де, кооперация мәселесінде әлі де алға баса қоймағанымызды байқап қамығасың... Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы жаппай жекешелендіру мен ауыл халқына «өз күніңді өзің көр» деген сипаттағы немқұрайлы ұстаным әлеуметтік және экономикалық қиындықтарға алып келді. Атап айтқанда, жердің бөлшектенуі мен ұсақ шаруашылықтарды басқарудағы қиындықтар туындады. Тиімсіз реформалардың нәтижесінде, бүгінде Қазақстан картасынан 1 500-ден аса ауыл жойылып кетті. Ауыл тұрғындарының, әсіресе ауыл жастарының қалаларға жаппай көшуі қыжүйіп тұр. Қазіргі уақытта ауылда халықтың 37 пайыздан азы ғана тұрады және бұл үрдіс жалғаса бермек. Ал 90-жылдардың басында ауыл халқы ел тұрғындарының 60 пайызынан астамын құраған еді.

Болар іс болды. Өкініштің құсауында қамалып, қол құсырып отырмаққа уақыт жоқ. Шағын қосалқы шаруашылықтардың нарықтық жүйеде дамуына жағдай жасамайынша, ауыл шаруашылығы мен ауыл тірлігінің алға басуы екіталай. Ал қазіргі әлемде бұл мәселені шешудің тәсілі біреу ғана. Ол – кооперация құру.

Осыдан шамамен он жылдай бұрын ауылдық кооперацияны жандандыруға әрекет жасалды. Бірақ тағы да сәтсіз аяқталды. Сондықтан қазір құсырлы ордарда ауыл тұрғындарын сан мәрте сол соқтырған кооперативке сөңдіру қиын болып тұр. Бір нәрсе анық: ауыл шаруашылығы өндірісін ұлғайтуды, ауыл халқының өткір әлеуметтік проблемасы – жұмыссыздықты шешу мүмкін емес. Ал шағын шаруа қожалықтар мен жеке қосалқы шаруашылық кооперативтерге біріктірмей, өндіріс ұлғаймақ емес.

Жалпы Қазақстанның ауыл шаруашылығында ұсақ тауар өндірісі басым. Өкінішке қарай бұл фактор дәл қазіргідей күйінде саланың жетістігі емес, кемшілігіне айналып тұр. Мемлекеттік көмек тетіктерінің көпшілігі ірі өндіріске қолдау көрсетеді, ал шағын шаруашылықтардың өдеуі бөлігі арзандатылған несиелерге, субсидияларға және қаржылық емес қолдаудың басқа шараларына қол жеткізе алмайды. Оларды 5 мыңнан аспайтын шаруашылық алады. Ал Қазақстандағы шағын қожалықтар мен 1,6 млн-дан аса жеке қосалқы шаруашылықта 3,5 млн-ға жуық ауыл тұрғыны жұмыс істейді. Бұл – барлық экономикалық белсенді ауыл тұрғындарының 80 пайыздан астамы. Бірақ олардың табысы аз. Жұмыссыздар санатына жататын олар елдегі жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің басым бөлігін өндіреді. Қазақстанның барлық сүтінің 80,7 пайызы, етінің 58,2 пайызға жуығы, картоп, көкөніс, жемістің 80 пайызы, ал олардың жекелеген түрлері бойынша 90 пайыздан астамы – шағын шаруа қожалықтар мен жеке қосалқы шаруашылықтар үлесінде. Бірақ олар заңмен реттелмеген. Осыны ескере отырып, арнайы заң қабылдап, шаруашылықтар кооперациясы үшін жағдай жасау қажет.

Мемлекет жеке кәсіпкерлікті, ауылдағы өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды өз жеке қосалқы шаруашылықтарында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге әрі одан тиісінше табыс алуға мүмкіндік беретін ауылдық кооперативтеріне (АСТК) біріктіруді ынталандыруы керек. Олар өлемдік тәжірибеге сәйкес жеке кәсіпкерлердің кооперативтері түрінде құрылуы мүмкін. Кооперация аясында инфрақұрылым құрылуға тиіс. Ауыл тұрғыны әр шөнуіктің артынан жүтіріп, құжат жинауға уақыт жібермей, тек өнімді өндірумен айналысқаны абзал. Қағазға қатысты істің барлығын кооператив арқылы жасауы керек.

Кооператив өз қызметтері үшін ақы ала отырып, заң қызметтерінің барлық түрін шешеді. Шаруаны «Өнімді не істеймін?» деген мәңгілік бас ауруынан құтқарады. Өндірілген өнімді сату, шаруаларды тұқыммен, тыңайтқыштармен, техникамен, қосалқы бөлшектермен, жанармаймен, жем-шөппен, т.б. көптеген шаруаға қажетті қызметпен қамтамасыз етеді. Фермерлерді өнім бағасы, жаңа сорттар,

тұқымдар, технологиялар, субсидиялар, заңнамадағы өзгерістер туралы ақпараттандыру, шаруашылықты механикаландыру, мелиорация, өсімдіктерді қорғау, ветеринария, шағын шаруашылықтардың бүгіндегі басты бас ауруы банктерден тиімді пайызбен несиесі алу мәселесін шешу де – кооперативтердің міндеті.

Ең бастысы, кооператив ауыл тұрғындарына малға күтім жасауды және егің, жеміс, көкөніс өсіруді үйретеді, біліктілігін арттыруға көмектеседі. Жоғарыда аталған барлық қызметті инфрақұрылым шаруаларға – үйге, алқапқа, фермаға жеткізеді. «Алқап-ферма-нарық» логистикалық тізбегі, яғни инфрақұрылымы жоқ ауыл тұрғындары қазір өз өнімдерін дегдалдарға нарықтық бағадан 2-ден 10 есеге дейін төмен сатуға мәжбүр. Айтпа кетерлігі, кооперацияға кірген әр шаруа қожалықтың мүлік-мүкәммалы толығымен өзінде болады. Фермерлер кооперацияға тек жоғарыда айтылған мәселелер бойынша ғана жүгінбейді.

Бүгінде ауыл тұрғындарының көпшілігі «өзін-өзі жұмыспен қамтыған» саналады. Жалғыз табыс көзі жеке қосалқы шаруашылық болғандықтан, олар зейнетақы, әлеуметтік және медициналық сақтандыру аударымдарын жүргізбейді. Ал ауыл кооперативіне кірген және жеке қосалқы шаруашылықтарда тауарлық ауыл шаруашылығы өнімін өндірген, оны кооператив арқылы өткізген және тиісті салықтар мен алымдарды төлеген кезде олар өнімді үй еңбегімен айналысатындар санатына кіреді. Осылайша ауылдардағы жұмыссыздық және жоғарыда айтылған мәселелер шешімін табар еді, яғни ауыл тұрғындарының табысы үш-төрт есе артып, ауыл жаңа серпінмен дамиды.

Бұл ретте сатылған ауыл шаруашылығы өнімі үшін жеке табыс салығын төлеу есебінен бюджет жылына шамамен 250-300 млрд теңгеге артады. Егер көрсетілген соманың жартысын тұрғыны осы салықты төлеген ауылдың бюджетіне аударсақ, ауылдарда жергілікті өзін-өзі басқару қағидаларын өңгізу үдерістерін жандандыруға, төртінші деңгейдегі ауылдық бюджетті толыққанды қалыптастыруға да мүмкіндік туады. Сондай-ақ кооперативтер елді мекендерді абаттандыруға, ауыл оқушыларына мектептен тыс білім беруді ұйымдастыруға көмек көрсете алады.

Бұл ұсыныстар 2006 жылы Парламент қарауына жолданған. Бірақ «ұсақ шаруаларды кооперация жолымен біріктіру» туралы ұсыныс «бұрынғы қолхоз-совхоз жүйесіне қайта оралу» деп қабылданып, қолдау таппаған. Ал қосалқы шаруашылықтар мәртебесін Ресей де, Беларусь пен Украина да 2000 жылдардың басында-ақ заңмен реттеп алған.

Негізі кооперация – халықаралық тәжірибе. Ол әлемнің 175 елінде табысты жұмыс істейді және әлемде ауыл шаруашылығы өнімдерінің 80 пайызын дәл осы жеке қосалқы шаруашылықтар өндіреді. Олардың ауыл шаруашылығы кооперацияның, кооперациямен үйлестірілген инновациялар арқылы табысты дамып отыр. Солтүстік Еуропа елдері кооперативтерге салықтык жеңілдіктер, субсидиялар, жеңілдетілген несиелер, ауыл шаруашылық өнімдерінің экспорттына монополиялық құқық беру,

экспортты субсидиялау сияқты жақсы мемлекеттік қолдау көрсетеді. Дәл осы құрылымдар арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің 80 пайызға жуығы сатылады және ауыл шаруашылығы үшін негізгі құралдардың 50 пайыздан астамы жеткізіледі. Мысалы, Швеция кооперативтеріне мүше 2,2 миллионнан аса адамның 1,5 миллионна жуығы – ауыл тұрғыны. Данияның ауыл шаруашылығында ішінде ауыл шаруашылығы техникасын несиелеу, жабдықтау, лизинг және қызмет көрсету, өнім өндіру, оны сатып алу, өңдеу және экспортты қоса алғанда өткізу бар 300-ге жуық кооператив жұмыс істейді. Мұның бәрі мемлекетке жан басына шаққандағы аз-түлік өндірісі бойынша әлемде бірінші орында болуға мүмкіндік берді. Израилдің ауыл шаруашылығында инновациялардың кеңінен қолданылатынын жақсы білеміз. Бұл елдің де аграрлық саласының жетістігін тек технологиялық инновациялар емес, кооперативтер қамтамасыз етіп отыр.

Кооперация жүйесі дамыған елдердің ауыл шаруашылығын көтеру

үшін 3 ерекшелікті – табиғи-климаттық жағдайларға жоғары тәуелділікті, өндірістің маусымдық сипатын және әлеуметтік фактордың әсер ету дәрежесін ерекше ескергенін де айта кеткен абзал. Бір сөзбен айтқанда, кооперация ұлттық экономиканың дамуы үшін маңызды. Ол ауыл шаруашылығында кәсіпкерлік қызметті жүргізудің әлемде кең таралған түрлерінің бірі болғандықтан, оған үлкен мән беріледі. Ауылдық кооперативтердің халықаралық одағына бүгінде әлемдегі 196 елдің 176-сы мүше. Өкінішке қарай одаққа мүше елдердің қатарында Қазақстан жоқ. Өйткені бізде кооперация жоқтың қасы.

Тек саяси қайраткер емес, ұлт тағдырына жанашыр экономика стратегі болған Смағұл Садуақасұлы «Кооперация һәм қазақ шаруасы» атты еңбегінде: «Қазақ кедейінің күнкөрісі – шаруа, ал оның тағдыры – кооперациямен тығыз байланысты. Кооперация – қазақ еңбекшісін қорғансыздықтан құтқаратын күш» деп жазған екен. Бұл ойдың бүгінде де өзекті екені жоғарыда көлтірілген өлемдік кооперация мысалдарынан айқын көрінеді. Ауылда тұратын шағын шаруалар мен жеке кәсіпкерлердің өзара бірігіп, тұтыну, өндірістік немесе несиесі кооперативтері арқылы ортақ жұмыс жүргізу – нарық талабынан туындап отырған қажеттілік. Елшіл тұлғаның кооперацияны «қазақты біріктіретін әлеуметтік-экономикалық құрал» деп бағалауы – ешқашан мәнін жоймайтын тарихи көзқарас.

Смағұлдың кооперация туралы ойлары ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының экономикалық тәуелсіздігін қалыптастыруға бағытталса, бүгінде бұл идеялар ауыл шаруашылығын дамытуда, фермерлік қозғалысты қолдауда және жергілікті кәсіпті өркендетуде темірқазық идея деп санаймыз. Қайраткердің осы саладағы теориялық және практикалық ой-тұжырымдары қазір де салалық оқу орындарында оқытылып, маңызды жымналарда күн тәртібіне шығарылса, тек ұтар едік. Оның мұрасы – ауыл шаруашылығын дамытуда кооперацияның маңызын түсінуге әрі оны тиімді ұйымдастыруға бағытталған өміршен әдістемелік құрал. Ұлттық экономиканы нығайту және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету жолындағы маңызды бағдар. Ауыл тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытындағы саясатқа негіз. Осы қайраткердің кооперация мен өнеркәсіптің өзара байланысы жөніндегі ойлары бүгінгі нарықтық қатынастар жағдайында да ауадай қажет.

Қорыта келе айтарымыз, бүгінгі мемлекеттік қызметшілер, ауыл шаруашылығы мамандары ұлтымыздың біртуар тұлғасы Смағұл Садуақасұлы еңбектерін терең оқып, ой-тұжырымын, тәжірибелік көңесін зерделеп, үйреніп, ел және шаруашылық басқару мен жұмыс барысында ескерсе, ұтар еді. Алаш арысы бір сөзінде: «Халықтың тілін білу керек. Білмейді екенсің, білуге тырысу керек. Ел ішінде істейтін жұмысыңды елдің тұрмысына жанастыру керек. Жанастыра алмайды екенсің, онда жанастыруға тырысу керек. Қандай өдемі пікір тұрмысқа жанаспаса, құрғақ сөз болып шығады» деп өз заманындағы және болашақтағы ел тізгінін ұстаған, шаруашылық саясатын жүргізетін азаматтарға нақты кеңесін беріпті, яғни қайраткер-ғалымның ойы шаруашылықты, өндірісті сауатты жүргізгің келсе, елдің мінез-құлқын меңгер, тілін тап дегенге саяды.

Қазіргі қазақ ауылдарын «ортақ өгізден оңаша бұзау артық» психология мықтап меңдеп алғаны ойлантады. Мұны өзгертуге күш-жігер, қажыр-қайрат, тіпті идеологиялық қыруар жұмыс қажет. Қысқасы, ауыл тірлігін оңалтатын деген басшы, жергілікті әкім, шөнуік маңызды шешім, қажетті қарар қабылдауда халқымен кеңесіп, қызметін қалтқысыз атқарғаны абзал. Сонда ғана кооперация жұмысы жолға қойылып, кішігірім фермерліктер мен шағын қосалқы шаруашылықтар алға басып, ауыл тірлігі жанданбақ.

«Ауыл» партиясы ұстанатын басты бағыттың бірі – ауылдағы кооперациялық қозғалысты дамыту. Бұл – Смағұл Садуақасұлының ұстанымына, өсиетіне адалдық, ұлттық экономиканы өркендетудің жөн-жосығы. Сондықтан С.Садуақасұлы мұрасын жоғары бағалап, оның идеяларын қазіргі заман талаптарына сай жүзеге асыруға ұмтыла беруіміз керек.

24 жасында Қазақстан Жоспарлау комиссиясының 25 жасында Халық ағарту министрлігін (комиссариат) басқарған жасын тағдыры Смағұлдың ұлт даналығымен біте қайнасқан кооперация, ауыл шаруашылығы, өндіріс, мәдениет салаларын дамыту жөніндегі үздік ой-тұжырымы Әділетті Қазақстанның ақыл-ой қазынасының биігіне тұруға лайықты. Бұл қазына – ортақ игілігіміз.

Жоғарыдағы жағдай Смағұл Садуақасұлының еңбегінің жазылғанына ғасырға жуық уақыт өтсе де, қазақ ауылдарында әлі жалғасып келеді. Ащы да болса ақиқаты осы. Бүгінде қанша тырбанса да шаруасы шатқаяқтап, қарызға белшесінен батқан, сергелдеңге түскен шаруа көп. Бұдан бөлек жалған тұтыну кооперативтерін құрып, егіншілік пен мал шаруашылығына деп ауыл шаруашылығын қолдайтын қаржы институттарынан қаражат алып, оны саудаға салып жүргендер де жоқ емес.

Серік ЕГІЗБАЕВ, Мемілік депутаты

«Руханият» орталығында «Жалағаш – достық мекені» қоғамдық бірлестігі мен «Қоғамдық көлісім» КММ-ның ұйымдастыруымен 5 қыркүйек – Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай «Менің тілім – қазақ тілі» атты мектеп оқушылары арасында мәнерлеп оқу сайысы өтті. Мақсат – этнос оқушылар арасында мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, жас ұрпақтың тілге деген құрметін арттыру, көркем сөз оқу арқылы әдебиетке қызығушылығын ояту.



Тілге құрмет – елге құрмет

Сайысқа №31 мектеп-гимназиясы мен Бұқарбай батыр ауылдық округіндегі №33 мектептің оқушылары қатысып, қазақ тілінің бай қазынасын арқау еткен шығармаларды мәнерлеп оқыды. Байқау барысында оқушылардың көркем оқу шеберлігі, дауыс ырғағы мен сөз мәнері сарапқа салынды.

Шараға «Жалағаш – достық мекені» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Дина Мирман, аудандық кітапхана директорының орынбасары Қуат Ахетов, «Қоғамдық көлісім» КММ Жалағаш ауданы бойынша этносаралық қатынастар жөніндегі сарапшы маман Әсел Балмырзаева мен Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығының аудан бойынша мемлекеттік тіл оқытушысы Ақжан Нұрмағанбет төрелік етіп, қатысушылардың өнеріне жоғары баға берді. Нәтижесінде Висхан Утебаев бас жүлде, Зарған Хасиханова, Цой Аделина I орын, Ульяна Сетракова, Цой Виктория II орын, Удоу Михайл, Вайд Ясмина мен Кротов Руслан III орын иеленді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге облыстық «Қоғамдық көлісім» КММ директоры Камалов Бақытжан Жарылқасынұлының арнайы марапаттары табысталды. Мерекелі сайыс жас буынға қазақ тілінің асыл мұрасын дәріптеуге, ұлт құндылықтарына деген сүйіспеншілігін арттыруға жол ашты.

«ЖЖ» ақпарат

2025 жылғы 26 қазанға тағайындалған №8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған депутаттың орнына Жалағаш аудандық мәслихаты депутатының сайлауы бойынша аудандық, округтік, учаскелік сайлау комиссияларының құрамы және орналасқан жері туралы хабар

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 13-бабының 4-тармағына, 15-1-бабының 3-тармағына, 17-бабының 2-тармағына сәйкес Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы №8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған депутаттың орнына Жалағаш аудандық мәслихаты депутаты сайлау жөніндегі аудандық және округтік сайлау комиссияларының құрамы туралы хабарлайды.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы

Комиссия төрағасы – Калыбаев Шарабан Мақсұтович.
Төрағаның орынбасары – Доспанов Танатан Сағалович.
Хатшысы – Қожақұлова Даша Нұрмұратқызы.
Комиссия мүшелері: Байымбет Нұрлан Ержанұлы, Бектаева Ақбөпе Алмасқызы, Күлүмбаева Асия Мырзабековна, Кенжеғара Ержас Темірханұлы.
Орналасқан жері: Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі №32, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының ғимараты.
Телефоны: 8(72431) 31-7-19, 8(72431) 31-4-04.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының жұмыс уақыты: 09.00-19.00, түскі үзіліс: 13.00-15.00.

№ 8 округтік сайлау комиссиясы

Комиссия төрағасы – Дабылов Габит Ерболатович.
Төрағаның орынбасары – Сәрсенбай Фаридта Сұлтанқызы.
Хатшысы – Оспанова Дина Берікболқызы.
Комиссия мүшелері: Есжанов Айбек Бақытбекұлы, Нұрғалиева Перизат Ибрагимовна.
Орналасқан жері – Бұқарбай батыр ауылдық округі Бұқарбай батыр ауылы Бұқарбай батыр көшесі №21, «Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімі аппаратының «Бұқарбай батыр ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Телефон: 8(72431) 36-2-16.

Округтік сайлау комиссиясының жұмыс уақыты: 09.00-19.00, түскі үзіліс: 13.00-15.00.

№136 учаскелік сайлау комиссиясы

Комиссия төрағасы – Әбдиев Нұрбек Мұратұлы.
Төрағаның орынбасары – Ізбасарұлы Арман.
Хатшысы – Жанбекова Жанат Амирбековна.
Комиссия мүшелері – Садуова Жамия Нұрылдаевна, Есжанов Жақсыбек Оразбекұлы.
Орналасқан жері – Таң ауылдық округі Таң ауылы Орынбай жырау көшесі №12, «Таң ауылдық округі әкімі аппаратының «Таң ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Телефоны: 8(724 31) 37-1-12.

№138 учаскелік сайлау комиссиясы

Комиссия төрағасы – Ибраев Дәурен Сәбитұлы.
Төрағаның орынбасары – Оразбек Мейірбек Оразбекұлы.
Хатшысы – Ешмаханова Ақмарал Танқайна.
Комиссия мүшелері – Жубанова Шарайна Избасаровна, Садыкова Надежда Мерғалиевна, Есқалиева Нұржайна Елеусінқызы, Жабағиев Абдысәдік Абиқасимович.
Орналасқан жері – Бұқарбай батыр ауылдық округі Бұқарбай батыр ауылы Бұқарбай батыр көшесі №19, «Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімі аппаратының «Бұқарбай батыр ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Телефоны: 8(72431) 36-2-16.

Учаскелік сайлау комиссияларының жұмыс уақыты: 2025 жылғы 5 қазаннан бастап 09.00-19.00, түскі үзіліс: 13.00-15.00.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы

Шипа

Жыл бойы науқас үзілмейтін бөлім

Аудандық емхананың ішіндегі күндізгі стационар бөлімі – науқастардың саулығы үшін бар күш-жігерін аямай, біліктіліктерінің арқасында емделушілердің алғысына бөленген ұжым. Арнайылап апта басында аталған бөлімге аялдап, бүгінгі тынысымен танысып қайттық.

Барсақ, жас та болса, бөлім меңгерушісі қызметін абыроймен атқарып жүрген Әсел Тоқманова әрбір ем алушының қан қысымын өлшеп, диагнозына қарай ем тағайындап жатыр екен. Оның бөлімде еңбек етіп келе жатқанына биыл – 10 жыл. Ол жыл басынан бері мұнда 1207 науқас ем алып шыққанын айтады.

Айта кетейік, мұнда 2 дәрігер, 3 мейірбике, 1 кіші аяжан бар. Сондай-ақ бөлімде емшара кабинеті, әйелдер мен ерлер және арнайы ардагерлер палатасы да қарастырылған, яғни бөлім бір уақытта 25 науқасты қабылдап, ем-шара жүргізуге қауқарлы.

– Біздің бөлімде жыл он екі ай науқас үзілмейді. Біздің жұмысқа келсек, уақытымыз таңғы сағат 8:00-ден кешкі сағат 18:00 дейін. Сенбі-жексенбі күндері демалыс. Күніне 15-20 науқас, жоқ дегенде 10 науқас келіп ем қабылдайды. Портал арқылы тіркеліп келген ем алушыларды қабылдап, қойылған диагнозына қарай 8 күн бойы ем-шара жүргіземіз. Адам өміріне жауапты болғандықтан, әрбір науқасты қандай жағдай болса да аяққа тұрғызып, ем шара жасау – біздің міндетіміз, – дейді ол.

Иә, ақхалаттыларға артылған жауапкершіліктің жүгі ауыр. Кез келген нау-



қастың өмірі әуелі Аллаға, одан кейін дәрігердің біліктілігіне байланысты. Күндізгі емдеу бөлімі – тәулік бойы медициналық бақылауды қажет етпейтін науқастарды емдеуге арналған орың яғни мұнда науқастар тек жұмыс күндері ғана келіп, тиісті емін қабылдайды. Науқастарға барлық жағдай жасалып, дәрі-дәрмек тегін қарастырылған. Біз бөлімге барғанда мұнда емделушілер де бар екен. Соның бірі – 38 жастағы Салтанат Серікқызы.

– Менің үйде кішкентай балам бар. Оны тастап ауруханаға жата алмағандықтан күндізгі бөлімнен ем алуға бел будым. Маған дәрігерім қан аздық диагнозы бойынша ем алуға кеңес берді. Бүгін осында келіп ем алып жатқаным 4-ші күн. Палаталардың іші жап-жарық, тап-таза. Дәрігерлер де, мейірбикелер де сыпайы, барлығын жіті түсіндіріп, өр науқастың саулығы үшін сапалы қызмет көрсетуде, – дейді ол.

Дәрігер бөлімге көбіне зейнеткерлер, 30 жастан асқан тұрғындар бронхит, остеохондроз, қаназдық сынды сықат-

пен жиі келетінін айтады. Ал балалар құлақ және тері аурулары бойынша ем қабылдайды. Сондықтан білікті мамандар тұрғындарды салауатты өмір салтын ұстауға шақырады. Расында мамандардың сөзінің жаны бар. Себебі мұндағы абзал жандар науқастардың көбіне ауруын асқындырғанда ғана дәрігерлердің көмегіне жүгінетінін айтады. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» демекші, кез келген дертті дендетпей, алдын алу маңызды. Мұнда саналы ғұмырын денсаулық саласымен ұштастырып, халыққа көмек көрсетуде аудан тұрғындарының алғысына бөленіп жүрген ақхалатты абзал жандар алдына келген науқастың толық емделіп шығуы үшін қолынан келген көмегін аямайды. Науқастардың дертіне шипа сыйлайтын ақхалаттылардың адал еңбегі қашанда құрметке лайық. Олардың тынымсыз тірлігі, бір күндік жұмысы қаншалықты қауырт екені айтпаса да белгілі.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ



Маман мерейі

Антына адал абзал жан

Тұрғындардың тәулік бойы денсаулығын күзетуде медбикелер де қажырлы еңбек етуде. Антына адал абзал жандар әсіресе жұмыста жауапкершілік пен табандылықты ұдайы назарда ұстауы тиіс. Себебі алдына барған науқастың денсаулығы солардың қолында десек, артық айтқанымыз болмас. Бүгінгі кейіпкеріміз – денсаулық сақтау саласында мол тәжірибесі бар, әрбір жанның денсаулығына салғырт қарамай, күндіз-түні еңбек ететін, білікті маман Сәрсенкүл Улдиева.

Ол кішкентайынан мамандығының қыр-сырына қызығып, «адам жанының арашасы» болу үшін мамандық таңдау уақыты келгенде ойланбастан Жезқазған қаласындағы медицина училищесінде білім алуға бел буған. Аталған салада еңбек еткеніне 40 жылға жуықтаған кейіпкеріміз алғаш еңбек жолын аудандық емхананың тіркеу бөлімінде бастап, кейін перзентхана бөлімінде балалар мейірбикесі болып жұмыс жасаған. Сондай-ақ бірнеше жыл Таң ауылдық дәрігерлік амбулаториясында ауыл тұрғындарының саулығы үшін еңбек етіп, бүгінде аудандық ауруханадағы жұқпалы аурулар бөлімінде мейірбике қызметін абыроймен атқаруда.

Бүкіл әлемді жаулаған Covid-19 індетімен күресте халыққа алдыңғы қатарда жүріп қызмет еткен де осы ақхалатты абзал жандар. Қауіпті індет қай-қайсысымызға да оңай болған жоқ. Кейіпкеріміз індет жұқтырып алу қауіпі жоғары болса да, ауырып жатқан жандармен тығыз байланыста болып, ауру өршіп, індет дендеген уақытта науқастардың саулығы үшін басын қауіпке тікті. Оның індеттің бетін қайтару жолында еткен еңбегі зор.

– Мектеп қабырғасында жүріп, үлкен өмірге қадам басар шақ таяғанда «дәрігер боламын» деп шешім қабылдадым. Әрине, бұл ойымды ата-анам да құптап, маған үлкен сенім артты. Бұл мамандықтың иесі болу – екінші бірінші қолынан келе бермейтін іс. Ауырып, алдына көмек сұрап келген науқасқа жәрдемдесіп, оның көз алдында жазылып кеткенін көргенде кеуденді қуаныш сезімі билейді. Ол үшін көз келген ақхалатты абзал жанның бойында мамандығына деген адалдық пен табандылық болуы шарт. Ең бастысы, еңбекке қабілетті, қандай жағдай болса да, дұрыс шешім қабылдай білетін білікті маман болуы керек, – дейді ол.

Айтуынша мұнда науқастар күндіз-түні түрлі сұрақтармен келеді. Олардың басты міндеті – ауруы асқынғандарға шұғыл көмек көрсету. Мұнда көбіне науқастар тұмау, ұстама, жедел ішек инфекциясы сынды сырқатпен күніне орташа есеппен 5-6 науқас түседі. Жазғы маусымда балалар арасында жедел ішек инфекциясы бас көтерген.

Инфекция гигиеналық тазалықтың төмен дәрежеде болуынан, азық-түліктердең, мәселен, жуылмаған көкөністердең, сапасыз тағамдарды пайдаланғаннан, ауыз суды қайнатпай ішкеннен және лас суға түскеннен жұғады. Сондықтан мамандар балаларға бейжай қарамай, жіті бақылауда ұстауды ескертуде. Бұл дерт ересектер арасында да дендеп барады. Себебі бөлімге жедел ішек инфекциясымен тек балалар ғана емес, қарттар да түсуде, яғни дәл қазір бөлімде ем алып жатқан 10 науқастың 2-еуі жедел ішек инфекциясымен түскен ерде жастағы кісілер болса, 8-і тұмау және жедел ішек инфекциясымен түскен балалар. Кейіпкеріміздің айтуынша, жыл басынан бері мұнда 652 науқас түрлі диагноз бойынша түсіп, ем алған.

Ол тұрғындар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру қажеттігін айтады, яғни тек қана спортпен айналысу емес, дұрыс тамақтану, иммундық жүйені шынықтыру керек. Айтуынша, қазір көп ата-ана балаларға құнарсыз тағамдарды жиі береді. Тіпті жеңіл-желпі тағамдар беріп, баланың асқазанын құратын аналар да барын жасырмады.

Жалпы балаға үйдің тағамын, асылған ет тағамдар беру керек. Алайда көптеген ана керісінше тез дайындалатын жеңіл немесе фас-фуд өнімдеріне құмар көрінеді. Салдарынан балалар бөлімге жиі қусу диагнозымен түседі екен.

Кейіпкеріміз оның бәрі инфекция емес, ет жолдарының бұзылуынан болатынын айтады. Себебі баланың тамақтануы дұрыс емес. Тіпті 1,2 жасар баланың өзінде осындай жағдайлар жиі кездескен. Сондықтан ата-аналарға ең алдымен балалардың дұрыс тамақтану салт-дәстүрін қалыптастыруға кеңес берді. Сондай-ақ кез келген жұқпалы дертке салғырт қарауға болмайтынын ескертті.

– Бірде түнгі кезекшілікте мейірбикелер бекетінде отырғанымда шет жақтағы палатаның бірінен «мейірбике» деп жан ұшыра айқайлаған ананың дауысы естілді. Барсам, 2 жасар қызының ұстамасы ұстап, анасы «менің баламды құтқарыңызшы» деп жылап жатыр екен. Мен қажетті құрал-жабдықтарды алып келуге үлгермейтіндіктен дереу қасықты алып, тілін ұстап қалдым. Кейін қажетті дәрі-дәрмектерін беріп, баланы да ана-



сын да тыныштандырдық. Сол қыз қазір мектепте 8 сынып оқиды. Кешеден анасын көріп қалсам, «сіз аман алып қалған қыз қазір өсті, осындай жетістікке жетті» деп қуанышымен бөлісіп, алғысын жаудырып жатады. Жұмыс болған соң кейде уақытпен санаспауға тура келеді. Бірақ тұрғындар дәрігердің ақыл-кеңесіне құлақ асуы керек. Сонда ғана дерттің алдын алуға мүмкіндік туады. Сондықтан біз емдеу шараларынан бөлек түсіндірме жұмыстарын да ұдайы жүргізіп тұрамыз. Біз үшін науқастардың бөлімнен жазылып шығып, отбасымен аман-есен қауышқанынан артық қуаныш жоқ, – дейді ол.

Айта кетейік, бүгінде бөлімде 1 дәрігер, 1 аға мейірбике, кейіпкерімізден бөлек 4 мейірбике мен 6 кіші аяжан, 1 шаруашылық аяжан мен 1 ас таратушы бар. Жұқпалы аурулар бөліміндегі жұмыс ауыр, жауапкершілік жоғары. Мейірбикелер мұнда науқастарды емдеуден бөлек оларға толық күтім жасайды.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Брифинг

БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Гүлзираш Айымбетова қызылшаның өте кең түрде таралған инфекциялық ауру екенін мәлімдеді. Сөзінше, бұл көбінесе балаларда кездесетін көрінеді. Оның белгілеріне келсек, дене қызуының көтерілуі мұрынның, көздің және тамақтың шырышты қабығы қабынып, теріде бөртпелер пайда болады.

Қызылша – қауіпті дерт



Иә, бұл – 100 пайыз жұқпалы ауру, яғни бұрын қызылшамен ауырмаған немесе егілмеген адам қызылшамен ауырған адаммен байланысқа түссе, жұқтыру қаупі туындайды.

Спикер инфекция ауа жолы арқылы берілетінін айтады. Вирус сыртқы ортаға сөйлеген кезде түкірікпен жөтелген, түшкірген кезде бөлінеді. Вирустың таралуы сыртқы ортаның тұрақсыздығына қарамастан ауа толқынымен ғимараттың вентиляциялық жүйесі арқылы таралған жағдайлары да болыпты.

Гүлзираш Айымбетова журналистердің «Қызылшаның негізгі белгілері қандай?» деген сауалын да жауапсыз қалдырмады. Бұл аурудың инкубациялық кезеңі жұқтырғаннан кейін бірінші белгілері пайда болғанға дейін, яғни 7 күннен 14 күнге дейін созылады. Есте сақтайтын ең маңызды жайт, ауру бөртпе шығудан басталмайды, ол суық тию белгілерімен басталады, яғни дене қызуының 38-40 градусқа көтерілуі, әлсіздік, төбеттің болмауы, құрғақ жөтел, мұрынның бітуі.

Кейін көздің шырышты қабығының қабынуы пайда болуы мүмкін. Шамамен бірінші белгілердің шыққанынан 24 күннен кейін беттің шырышты қабығының (азу тістерінің қарсысында) ұсақ ақ дақтар пайда болады. Аурудың 3-5 күні ашық түсті, бір-біріне өзара ұқсап кететін дақтар пайда болады. Ең алдымен олар құлақтың артында және маңдайда, содан кейін тез арада бет, мойын, дене және аяқ-қолға таралады. Ұсақ қызғылт дақтар жылдам үлкейіп, формасын өзгертіп, бір-біріне қосылып кетеді.

Спикер қабыну балаларда 5 жасқа дейін, ал 20 жастан асқандарда жиі дамидынын айтады. Ең көп тараған түрі – ортаңғы құлақтың қабынуы, соқырлық, бронхтық пневмония, мойын лимфоузолдарының қабынуы, ларингит, энцефалит. Гүлзираш Айымбетова қызылшаның дамуын байқаған сәтте кешіктірмей дәрігерге қаралуға кеңес берді.

Асқынбай тұрғандағы қызылшаның белгілерін емдеу үшін төсекте жату режимін, суды көп ішу, қызуын түсіретін, тұмау және тамақ ауруын, қақырықты түсіретін препараттар мен витаминдерді қабылдау қажет. Ал қызылшаның асқынған түрін емдеу стационар жағдайында жүргізіледі.

«Қызылшаның алдын алу үшін қайтпек керек? Брифингте ауданның бас санитары бұл сауалымыздың да түйінін тарқатты.

– Қызылшаның алдын алудың ең тиімді және сенімді әдісі вакцинация болып табылады. Қызылшадан егу вирусты жасанды жолмен тоқтату, нәтижесінде ағза өзін қорғайтын иммунитет жасайды. Кейбір балаларда егуден кейін 6 күннен 20 күнге дейін дене қызуы көтеріліп, кейде конъюнктивиттің және бөртпелердің пайда болуы байқалады. Бұл белгілер 2-3 күнге дейін сақталады, содан кейін бәрі жақсы болады. Қорықпаңыздар, бұл жағдайлар болуы мүмкін және олар қауіпті емес. Бірақ сонда да егуден кейін қандай да бір қабыну болса, міндетті түрде дәрігерге көріну керек. Ең алғашқы вакцинацияны балаларға 12 айлығында, екіншісі 6 жаста жасалады. Егу 15 жасқа дейін ете сенімді қорғауды қамтамасыз етеді. Өз денсаулықтарыңызды күтіңіздер, – деді ол.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Қабылдау

Тұрғындардың талап-тілегін тыңдады

Жуырда «Amanat» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінің кестесіне сәйкес, аудандық емханадағы «Денсаулық» бастауыш партия ұйымының кабинетінде Жалағаш аудандық мәслихатындағы «Amanat» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі, аудандық мәслихат депутаты Ерлан Боранбаев жеке қабылдау өткізді.

Қабылдауға келген жергілікті тұрғындар жастарға берілетін «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында берілетін көмектер жайында, медицина саласындағы ауылдық жерлерге берілетін үстемақы жайында толғандырған сауалдарын қойды.

Тұрғындардың өтініші бойынша фракция мүшесі мәселелердің шешілу жолдары бойынша ұсыныстарын айтып, назарда болатынын жеткізді. Қабылдауда партияның «Бақытты отбасы» жобасы аясында өтіп жатқан «Балаларды мектепке даярлайық» акциясымен өз демеушілігімен оқу құралдары салынған мектеп сөмкелерін оқушылардың ата-аналарына табыстады.

«ЖЖ» ақпарат

Меншік иесі:

жауапкершілігі
шектелуі серіктестігіБас директор
Марат АРАЛБАЕВЖалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясыБас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары,

жауапты хатшы,

бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат

комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті

жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ